

"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 347 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 10 қаңтардағы № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 16 қаңтарда № 18199 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 51-НҚ бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Сауда және интеграция министрінің 16.03.2020 № 51-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 347 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11079 болып тіркелген, 2015 жылғы 22 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жекелеген тауар түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Тауарлардың жекелеген түрлерінің Қазақстан Республикасының аумағына экспортына және (немесе) импортына рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Тауар биржалары саласында дилерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі";

4, 5, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

Мемлекеттік корпорацияға немесе порталға жүгінген кезде:

мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін беру - 5 (бес) жұмыс күні ішінде;
лицензияны қайта ресімдеу - 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезекте күтудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты - 15 (он бес) минут;

көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты - 20 (жиырма) минут.

Құжаттар қабылданған күн мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын ұсынады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - тауар биржалары саласында дилерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы электрондық құжат нысанындағы уәждеделген жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жолданады.

7. Заңды тұлғаларға мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес көрсетілетін қызметті берушіге тиісті құжаттар тапсырылғанға дейін, банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, ақша қаражатын қолма-қол ақшасыз аудару жолымен, көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша:

1) лицензия беру үшін - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін - 0,5 айлық есептік көрсеткіш лицензиялық алым бюджетке төленеді.

Лицензия алуға электрондық өтініш порталы арқылы берілген жағдайда, төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) арқылы жүзеге

асырылады. Алдын ала төленген жағдайда төлем құжатының электрондық көшірмесі қоса беріледі.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

лицензия алу үшін:

жеке басты куәландыратын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін талап етіледі)

;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген биржалық дилерлер қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келуі туралы мәліметтер нысаны.

Лицензияны қайта ресімдеу үшін:

жеке басты куәландыратын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін талап етіледі)

;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттар.

2) порталға:

лицензия алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған, электрондық құжат нысанындағы, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі не төлем ЭҮТШ арқылы жүргізілсе, лицензиялық алымның төленгені туралы мәліметтер;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген биржалық дилерлер қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келуі туралы электрондық мәліметтер нысаны.

Лицензияны қайта ресімдеу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі не төлем ЭҮТШ арқылы жүргізілсе, лицензиялық алымның төленгені туралы мәліметтер;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйеден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, лицензия туралы, лицензиялық алымның төленгені туралы (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) мәліметтер көрсетілетін қызметті алушыға "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.

Құжаттарды қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация жұмыскерлері құжаттардың электрондық көшірмесін шығарып, түпнұсқасын көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беруді оның жұмыскері көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) жеке куәлігін көрсеткен кезде қолхат негізінде жүзеге асырады.

Егер көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алуға көрсетілген мерзімде жүгінбесе, Мемлекеттік корпорация оның бір ай ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды қызмет берушіге одан әрі сақтау үшін тапсырады.

Портал арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алған күні көрсетіле отырып, өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік

корпорация және (немесе) олардың жұмыскерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі";

11-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша не мына: 010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, № 8 үй, "Министрліктер үйі" ғимараты, 7-кіреберіс мекенжайы бойынша, телефоны 8 (7172) 74-28-09, факсі 8 (7172) 74-31-48, көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.";

11-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация жұмыскерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорация басшысына тікелей жүгіну арқылы жіберіледі .";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Мемлекеттік қызмет көрсететін орындардың мекенжайлары: көрсетілетін қызметті берушінің: www.economy.gov.kz;

Мемлекеттік корпорацияның: www.gov4c.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.";

көрсетілген стандартқа 1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Тауар биржалары саласында брокерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі";

4, 5, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

Мемлекеттік корпорацияға немесе порталға жүгінген кезде:

мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру - 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

лицензияны қайта ресімдеу - 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезекте күтудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты - 15 (он бес) минут;

көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты - 20 (жиырма) минут.

Құжаттар қабылданған күн мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын ұсынады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - тауар биржасы саласында брокерлік қызметпен айналысу құқығына лицензия не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы электрондық құжат нысанындағы уәждеделген жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жолданады.

7. Заңды тұлғаларға мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес көрсетілетін қызметті берушіге тиісті құжаттар тапсырылғанға дейін, банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, ақша қаражатын қолма-қол ақшасыз аудару жолымен, көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша:

1) лицензия беру үшін - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін - 0,5 айлық есептік көрсеткіш лицензиялық алым бюджетке төленеді.

Лицензия алуға электрондық өтініш порталы арқылы берілген жағдайда, төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады. Алдын ала төленген жағдайда төлем құжатының электрондық көшірмесі қоса беріледі.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

лицензия алу үшін:

жеке басты куәландыратын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін талап етіледі)

;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген биржалық дилерлер қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келуі туралы мәліметтер нысаны.

Лицензияны қайта ресімдеу үшін:

жеке басты куәландыратын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін талап етіледі)

;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттар.

2) порталға:

лицензия алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған, электрондық құжат нысанындағы, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі не төлем ЭҮТШ арқылы жүргізілсе, лицензиялық алымның төленгені туралы мәліметтер;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген биржалық дилерлер қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келуі туралы электрондық мәліметтер нысаны.

Лицензияны қайта ресімдеу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі не төлем ЭҮТШ арқылы жүргізілсе, лицензиялық алымның төленгені туралы мәліметтер;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйеден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, лицензия туралы, лицензиялық алымның төленгені туралы (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) мәліметтер көрсетілетін қызметті алушыға "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.

Құжаттарды қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация жұмыскерлері құжаттардың электрондық көшірмесін шығарып, түпнұсқасын көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беруді оның жұмыскері көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) жеке куәлігін көрсеткен кезде қолхат негізінде жүзеге асырады.

Егер көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алуға көрсетілген мерзімде жүгінбесе, Мемлекеттік корпорация оның бір ай ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды қызмет берушіге одан әрі сақтау үшін тапсырады.

Портал арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алған күні көрсетіле отырып, өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорация және (немесе) олардың жұмыскерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі";

11-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша не мына: 010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, № 8 үй, "Министрліктер үйі" ғимараты, 7-кіреберіс мекенжайы бойынша, телефоны 8 (7172) 74-28-09, факсі 8 (7172) 74-31-48, көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.";

11-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация жұмыскерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорация басшысына тікелей жүгіну арқылы жіберіледі .";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Мемлекеттік қызмет көрсететін орындардың мекенжайлары: көрсетілетін қызметті берушінің: www.economy.gov.kz;

Мемлекеттік корпорацияның: www.gov4c.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.";

көрсетілген стандартқа 1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 6, 7 және 8-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Тауар биржалары қызметімен айналысу құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі";

4, 5, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

Мемлекеттік корпорацияға немесе порталға жүгінген кезде:

мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру - 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

лицензияны қайта ресімдеу - 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезекте күтудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты - 15 (он бес) минут;

көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты - 20 (жиырма) минут.

Құжаттар қабылданған күн мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын ұсынады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - тауар биржалары қызметімен айналысу құқығына лицензия не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы электрондық құжат нысанындағы уәждеделген жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жолданады.

7. Заңды тұлғаларға мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес көрсетілетін қызметті берушіге тиісті құжаттар тапсырылғанға дейін, банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, ақша қаражатын қолма-қол ақшасыз аудару жолымен, көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша:

1) лицензия беру үшін - 10 (он) айлық есептік көрсеткіш;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін - 1 (бір) айлық есептік көрсеткіш лицензиялық алым бюджетке төленеді.

Лицензия алуға электрондық өтініш порталы арқылы берілген жағдайда, төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады. Алдын ала төленген жағдайда төлем құжатының электрондық көшірмесі қоса беріледі.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

лицензия алу үшін:

жеке басты куәландыратын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін талап етіледі)

;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген биржалық дилерлер қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келуі туралы мәліметтер нысаны.

Лицензияны қайта ресімдеу үшін:

жеке басты куәландыратын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін талап етіледі) ;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттар.

2) порталға:

лицензия алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған, электрондық құжат нысанындағы, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі не төлем ЭҮТШ арқылы жүргізілсе, лицензиялық алымның төленгені туралы мәліметтер;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшада көрсетілген биржалық дилерлер қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келуі туралы электрондық мәліметтер нысаны.

Лицензияны қайта ресімдеу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі не төлем ЭҮТШ арқылы жүргізілсе, лицензиялық алымның төленгені туралы мәліметтер;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйеден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, лицензия туралы, лицензиялық алымның төленгені туралы (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) мәліметтер көрсетілетін қызметті алушыға "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.

Құжаттарды қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация жұмыскерлері құжаттардың электрондық көшірмесін шығарып, түпнұсқасын көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беруді оның жұмыскері көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) жеке куәлігін көрсеткен кезде қолхат негізінде жүзеге асырады.

Егер көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алуға көрсетілген мерзімде жүгінбесе, Мемлекеттік корпорация оның бір ай ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды қызмет берушіге одан әрі сақтау үшін тапсырады.

Портал арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алған күні көрсетіле отырып, өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорация және (немесе) олардың жұмыскерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі";

11-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша не мына: 010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, № 8

үй, "Министрліктер үйі" ғимараты, 7-кіреберіс мекенжайы бойынша, телефоны 8 (7172) 74-28-09, факсі 8 (7172) 74-31-48, көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.";

11-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация жұмыскерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорация басшысына тікелей жүгіну арқылы жіберіледі";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Мемлекеттік қызмет көрсететін орындардың мекенжайлары: көрсетілетін қызметті берушінің: www.economy.gov.kz;

Мемлекеттік корпорацияның: www.gov4c.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.";

көрсетілген стандартқа 1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 9, 10 және 11-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Сауда қызметін реттеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 10 қаңтардағы
№ 2 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 21 сәуірдегі
№ 347 бұйрығына
1-қосымша

"Жекелеген тауар түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Жекелеген тауар түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация);

2) www.e.gov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы немесе www.elicense.kz "Е-лицензиялау" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

Мемлекеттік корпорацияға немесе порталға жүгінген кезде:

мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады;

қажетті құжаттарды тапсыру кезінде кезекте күтудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты - 15 (он бес) минут;

көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты - 20 (жиырма) минут.

Құжаттар қабылданған күн мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын ұсынады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - жекелеген тауар түрлерінің импортына және (немесе) экспортына лицензия не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы электрондық құжат нысанындағы уәждеделген жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жолданады.

7. Заңды тұлғаларға мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес көрсетілетін қызметті берушіге тиісті құжаттар тапсырылғанға дейін, банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, ақша қаражатын қолма-қол ақшасыз аудару жолымен, көрсетілетін қызметті алушының тұрған жері бойынша:

лицензия беру үшін - 10 (он) айлық есептік көрсеткіш лицензиялық алым бюджетке төленеді.

Лицензия алуға электрондық өтініш порталы арқылы берілген жағдайда, төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады. Алдын ала төленген жағдайда төлем құжатының электрондық көшірмесі қоса беріледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорацияда - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, жұмыстың белгіленген кестесіне сәйкес үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз "электрондық" кезек тәртібімен көрсетіледі, электрондық кезекті портал арқылы броньдауға болады;

2) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, құжаттарды қабылдау тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

Лицензия алу үшін:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

жеке басты куәландыратын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін талап етіледі)

;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 немесе 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына электрондық құжат нысанындағы өтініш;

сыртқы сауда шарты (келісімшарт), оған қосымшалар және (немесе) толықтырулар (біржолғы лицензия үшін), ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда - тараптардың ниеттерін растайтын өзге де құжат;

егер қызмет түрі Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында лицензиялау енгізілген тауар айналымына байланысты болса, лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға арналған лицензия немесе лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға лицензияның болуы туралы мәліметтер (егер бұл Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса);

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат.

2) порталға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 немесе 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына электрондық құжат нысанындағы өтініш;

сыртқы сауда шартының (келісімшартының) электрондық көшірмесі, қосымшалары және (немесе) оған толықтырулар (біржолғы лицензия үшін), ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда - тараптардың ниеттерін растайтын өзге де құжаттың электрондық көшірмесі;

егер қызмет түрі Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында лицензиялау енгізілген тауар айналымына байланысты болса, лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға лицензияның электрондық көшірмесі немесе лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыруға лицензияның болуы туралы мәліметтер (егер бұл Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса);

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйеден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, лицензия туралы, лицензиялық алымның төленгені туралы (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) мәліметтер көрсетілетін қызметті алушыға "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.

Құжаттарды қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация жұмыскерлері құжаттардың электрондық көшірмесін шығарып, түпнұсқасын көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беруді оның жұмыскері көрсетілетін қызметті алушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) жеке куәлігін көрсеткен кезде қолхат негізінде жүзеге асырады.

Егер көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алуға көрсетілген мерзімде жүгінбесе, Мемлекеттік корпорация оның бір ай ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды қызмет берушіге одан әрі сақтау үшін тапсырады.

Портал арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алған күні көрсетіле отырып, өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мыналар:

1) көрсетілетін қызметті алушы лицензия алу үшін ұсынған құжаттарда толық емес немесе анық емес мәліметтердің болуы;

2) 2014 жылғы 14 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартпен бекітілген Тауарлардың экспортына және (немесе) импортына лицензиялар және рұқсаттар беру қағидаларының 10-12-тармақтарында көзделген талаптардың сақталмауы;

3) лицензия беруге негіз болатын бір немесе бірнеше құжаттар қолданысының тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы;

4) іске асыру үшін лицензия сұралатын шартты (келісімшартты) орындау салдарынан туындауы мүмкін мүше мемлекеттердің халықаралық міндеттемелерінің бұзылуы;

5) квотаның, сондай-ақ тарифтік квотаның бітуі не олардың болмауы (квоталанатын тауарларға лицензия ресімделген жағдайда);

б) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіз болады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының 1) тармақшасында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация жұмыскері өтінішті қабылдаудан бас тартады және мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

3-тарау. Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорация және (немесе) олардың жұмыскерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша не мына: 010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, № 8 үй, "Министрліктер үйі" ғимараты, 7-кіреберіс мекенжайы бойынша, телефоны 8 (7172) 74-28-09, факсі 8 (7172) 74-31-48, көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.

Шағым пошта арқылы жазбаша нысанда немесе көрсетілетін қызметті алушының басшысының блогына электрондық түрде не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) - шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Мемлекеттік корпорация жұмыскерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорацияның басшысына тікелей жүгіну арқылы жолданады.

Мемлекеттік корпорацияға қолма-қол, сол сияқты пошта арқылы түскен шағымды тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі мен тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) - оның қабылдағанын растау болып табылады.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның - тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), пошталық мекенжайы;

2) заңды тұлғаның - атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорация жұмыскерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Организм функцияларының тұрақты бұзылуы салдарынан тіршілік-тынысы шектеліп, денсаулығы бұзылған, көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарын қабылдауды қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері тұрғылықты жеріне шыға отырып, 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығына жүгіну арқылы жүзеге асырады.

14. Мемлекеттік қызмет көрсететін орындардың мекенжайлары:
көрсетілетін қызметті берушінің: www.economy.gov.kz;

Мемлекеттік корпорацияның: www.gov4c.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің мәртебесі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметі, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы, порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

